

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 31.10.2022-04.11.2022ж.

Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

| Күн тәртібінің кезеңдері                                                                                                                 | <i>Дүйсенбі</i><br>31.10.2022                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <i>Сейсенбі</i><br>01.11.2022                                                                                                        | <i>Сәрсенбі</i><br>02.11.2022                                                                                                                                                                                                          | <i>Бейсенбі</i><br>03.11.2022                                                                                                                                                                                                                                                   | <i>Жұма</i><br>04.11.2022                                                                                                                                 |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Балаларды қабылдау</b>                                                                                                                | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>                                                                                               |                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                           |
| <b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>                                                                                              | Әңгімелесу. Ата-аналарға балабақшаға уақытында келуді ескерту. Ата-аналарға балалардың тазалықтарын қадағалауды ескерту.                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                           |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b> | <b>"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер).</b><br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру.<br><b>(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, математика негіздері, құрастыру)</b> | <b>Үстел ойыны. «Сурет бойынша жинастыр».</b><br>Мақсат-міндеттері.<br>Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. <b>(танымдық дағдылар)</b> | <b>«Бұлт неге ұқсайды?»</b><br>Мақсат-міндеттері.<br>Өртүрлі заттар мен жануарлардың сыртқы бейнесін табуды үйрету.<br>Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту.<br><b>(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b> | <b>“Көгөністі ата” дидактикалық ойыны.</b><br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың сөздік қорын байыту; көгөністер мен жемістердің денсаулыққа пайдасын туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру, сұраққа толық жауап беруге ынталандыру. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b> | <b>«Жұбын тап».</b><br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу.<br><b>(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)</b> |
| <b>Таңертенгі жаттығу</b>                                                                                                                | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, екіге бөлінген секірмежіп төменде.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секірмежіпті екі бүктеп ұстап, төмен түсіріп тұру.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қою, секірмежіп иықта.                                                                                                                   |                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                           |

|                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|---------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                             | Бастапқы қалып: аяқты сәл ашып, секірмежіпті арт жаққа ұстап тұру. Секірмежіпті алға қарай айналдырып, біраз үзіліс жасап, екі аяқты ауыстыру, бір орында екі аяқты бірге қосып секіру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b>                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Таңғы ас</b>                             | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, ауыздағы асты асықпай шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тәртіп сақтау)                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> | <b>"Көгөністер дүкені" тақырыбына әңгімелесу.</b><br>Мақсаты-міндеттері.<br>Балалардың көгөніс дүкені жайлы түсініктерін нақтылау, сөйлеу тілін белсендіру: көгөністер мен жемістерді, сатушы мен сатып алушының әрекеттерін нақтылайтын етістіктерді, сапалық сын есімдерді атау.                                                                                 | <b>«Сәлемдесу».</b><br>Балалар екі-үш жұп құрап тұрады. Әртүрлі елдің адамдарының сәлемдесу рәсімін көрсетеді.                                                                                                                                                                                                              | <b>"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.</b><br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту, мезгілдік өзгерістерді талқылау.<br>Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер.                                                                                                                                                              | Күздің кереметі тақырыбындағы суретке қарап әңгімелесу.                                                                                                                                                                                                                                                                              | "Жомарт күз" тақырыбын пысықтау, тақпақ айту, жұмбақтар жасыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>         | <b>Мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес дене шынықтыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері</b>                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>         | <b><i>Сөйлеуді дамыту</i></b><br><b><i>“Балалардың қолынан қорек іздеген тиын”</i></b><br><b>Мақсаты:</b> Балаларға сурет бойынша әңгіме құрастыруды түсіндіру; күз мезгілі туралы ұғымдар тізбегін жетілдіру; тиіннің күз мезгіліндегі тіршілігі жөнінде түсініктерді тиянақтау.<br><br><b>Сөздік жұмыс</b><br><br>Балалардың сөздік қорына: сары шашты ханшайым, | <b><i>Музыка</i></b><br>Педагог жоспары бойынша<br><b><i>Көркем әдебиет</i></b><br><b><i>“Мысық,қораз және тұлкі”</i></b><br><b>Мақсаты:</b> Балаларды орыс халқының «Мысық, қораз және тұлкі» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; ертегі мазмұнын мұқият тыңдап, кейіпкерлердің сөздерін сұрақтарға жауап беруге пайдалануға | <b><i>Сурет салу</i></b><br><b><i>“Үлкен және кішкентай қарбыз”</i></b><br><b>Мақсаты:</b> Балаларды суреттің бояудың бетіне шығуы деп аталатын сурет салу әдісімен таныстыру.<br><b>Мүсіндеу “Жемістер”</b><br><b>Мақсаты:</b> Балаларды жемістердің негізгі пішінін келтіруге үйрету; алма, алмұртқа тән ерекшеліктерді беру, екі қолмен мүсіндеуге дағдыландыру. | <b><i>Музыка</i></b><br>Педагог жоспары бойынша<br><b><i>Математика негіздері</i></b><br><b><i>“Көліктер жүретін ұзын және қысқа жолдар”</i></b><br><b>Мақсаты:</b> Балаларға заттардың ұзындығына қатысты қасиеттері туралы білім беру; заттардың ұзындығы мен ені туралы түсініктерін тиянақтау; кеңістіктегі бағыттарды пысықтау. | <b><i>Қазақ тілі</i></b><br>Педагог жоспары бойынша<br><b><i>Қоршаған ортамен танысу</i></b><br><b><i>“Асқабақ тиелген трактор”</i></b><br><b>Мақсаты:</b> Балаларға трактор көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы көлік екені жөнінде білімдерін кеңейту.<br><b>Сөздік жұмыс</b><br>"Көлік", "Асқабақ тиелген трактор", "кабина", "шанақ", "дөңгелек", |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                    |
|--------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          | <p>тиннің қорегі, аяқтарының тырнақтары ілгектей сияқты тіркестерді қосу. «Себебі, қыста қардың салмағынан бұтасы сынбайды», «Себебі, күзде күн суық болады», «Себебі, ол қыста жыртқыштардан ағашта жасырынады» сияқты фразаларды айтқызу арқылы сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b><br/>Педагог жоспары бойынша</p> | <p>талпындыру.<br/><i>Сөздік жұмыс</i><br/>«Сенгіш», «қу», «ақылы асқан» сөздерін пайдалану арқылы балалардың тілін жетілдіру.</p>                  | <p><b>Әдіс-тәсілдер</b><br/>Ғажайып сәт, жұмбақ жасыру, дидактикалық ойын, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, сергіту сәті, оқу қызметін пысықтау.<br/><b>Құрастыру</b><br/><b>“Күзгі ағаш”</b><br/><b>Мақсаты:</b> Балаларға ағаштың қиылған үлгісінің үстіне өздері қалаған жерге түрлі-түсті макарондарды құрастырып, жапсыруды үйрету.<br/><b>Әдіс-тәсілдер</b><br/>Көркем сөз, суретті көрсету, аудиожазбаны тыңдау, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.</p> | <p><b>Сөздік жұмыс</b><br/>Жаттығуды орындағанда: «жол ережесі», «ең ұзын жолақ», «қысқалау», «ұзындау», «ең қысқа жолақ», «артында», «алдында», «оң жаққа», «сол жаққа»<br/><br/>сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.<br/><br/><b>Дене шынықтыру</b><br/>Педагог жоспары бойынша</p> | <p>"руль", "Жарайсың!", "Тамаша" сөздерін пайдалану.<br/><b>Дене шынықтыру</b><br/>Педагог жоспары бойынша</p>                                                     |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                    |
| <b>Серуен</b>            | <p><b>Топырақты бақылау.</b><br/>Мақсат-міндеттері. Ауа райына байланысты топырақтың қасиеті әртүрлі болатынын көруді үйрету.<br/><b>Қимылды ойыны: «Тауық пен балапандар».</b> (дене</p>                                                                                                                                                     | <p><b>Бірінші қатқақты бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Сыртқы белгілерге қарап, ауа райын анықтауды үйрету. Табиғатта болып жатқан өзгерістерді</p> | <p><b>Шалшық судың бетіндегі үлдір қабыршағын бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Мұз бастапқыда мөлдір, жұқа шыныдай нәзік болады. Температураның</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | <p><b>Желді бақылау.</b><br/>Мақсат-міндеттері. Балаларға желге, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету;</p>                                                                                                                                                         | <p><b>Ересек балаларды бақылау.</b><br/>Мақсат-міндеттері. Ересек балалардың (мінез-құлықтарын, ойындарын), киіміне назар аударуды, киім түрлерін, әрқайсын өз</p> |

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                        | <p><b>шынықтыру)</b><br/>         Мақсат-міндеттері. Екі тіреуіштің аралығына байлаған арқанның астына өту дағдысын бекіту; әртүрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойымен (отырды, жем іздеді, жем шоқыды) орын ауыстыруға қадағалау, белгі бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету.<br/> <b>Еңбек:</b> ұжымдық тапсырмаларды орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойналатын ойындар: әртүрлі ойындарды ойнауға қызығушылықты дамыту.</p> | <p>(қатқакты) бақылау, күзгі ауа райымен салыстыру.<br/> <b>Қимылды ойын.</b><br/> <b>«Балалар бақшаға шықты» (поляк ұлттық ойыны).</b><br/>         Жануардың рөлін таңдау және олардың қимыл-қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу.<br/> <b>Еңбек:</b> қыстыгүні тотыларды коректендіру үшін бұтақтарды жинау. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. Табиғат бұрышының мекендеушілеріне сүйіспеншілікті арттыру.<br/> <b>Өз бетімен ойналатын ойындар:</b> ойын таңдауда, ойға алғанын іске асыру дербестігін дамыту, белсенді болу.</p> | <p>төмендеуі кезінде су мұзға айналуын ескеріп, жалпы қорытынды жасау.<br/>         Жұмбақ.<br/>         Отқа жанбайды, Суға батпайды. (Мұз.)<br/> <b>"Акку-қаздар" ойыны.</b><br/> <b>(дене шынықтыру)</b><br/>         Мақсат-міндеттері. Белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үйлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br/> <b>Еңбек:</b> ағаштардың қасына түскен бұтақтарды жинау. Берілген жұмысты жауапкершілікпен атқару.<br/> <b>Өз бетімен ойналатын ойындар.</b><br/>         «Зырылдауықтармен ойын».<br/>         Балаларды ойынға қызықтыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> | <p>желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру.<br/> <b>"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығу. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</b><br/>         Мақсат-міндеттері. Балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру;<br/> <b>Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау.</b><br/>         Мақсат-міндеттері. Зымыранды қарсылас жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру.</p> | <p>атауларымен атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасында байланыс орнатуды үйрету.<br/> <b>Қимылды ойын. «Ақ аюлар».</b> (дене шынықтыру)<br/>         Мақсат-міндеттері. Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, қарапайым өзара қарым-қатынас қабілетін қалыптастыру.<br/> <b>Еңбек:</b> сырғанау жолын әзірлеу.<br/>         Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келгенінше көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br/> <b>Өз бетімен ойындар:</b> ересек балалармен бірлескен ойындар. Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; белсенділікке, дербестікке тәрбиелеу.</p> |
| <b>Серуеннен оралу</b> | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |

|                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                         |                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                          | <b>дағдылар, дербес әрекет)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                         |                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                |
| <b>Түскі ас</b>                                                                                                                          | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Қолға қасық аламыз.<br>Дәмді астан аламыз.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оған түзу отыру керектігін айтуға болады. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</b> |                                                                         |                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                                                                                                                     | Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім".<br>Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                         |                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>                                                                                        | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолдың бойымен жүру.<br>«Қайық». Төсекте ішпен жату, қолды иекке қою, жартылай тұру, оңға-солға тербелу.<br>«Кемпіркосақ». Төсекте арқамен жату, ауада шеңберді аяқпен сызып жасау.<br>«Тышқандар». Массажды кілемшеде аяқтың ұшы және өкшесімен айналдыру.<br><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                         |                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                |
| <b>Бесін ас</b>                                                                                                                          | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық, ша қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тәртіп сақтау.)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                         |                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b> | <i><b>Қауіпсіздік ережесі</b></i><br>«Не артық?»<br><b>Мақсаты:</b> Балаларды қауіп қатердің алдын алуға, өмірге қауіп төндіретін заттарды тануға, олардың денсаулығымызға, өмірімізге төндіретін қатерін түсіне білуге үйрету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | <i><b>Үйірме “Ұлттық ойындар”</b></i><br><i>Педагог жоспары бойынша</i> | <i><b>“Оқуға құштар балабақша”</b></i><br>«Балаларға базарлық»<br><b>Мақсаты:</b> Мақал-мәтел, жұмбақтар туралы түсінік беру, жаттату. | <i><b>Эстафеталық ойындар</b></i><br>«Кімнің шары алысқа ұшады?»<br><b>Мақсаты:</b> Дөңгелек жақ бұлшық етін дамыту, тыныш тұрған еріндер кезінде мұрынмен дұрыс тыныс алуын жаттықтыру. | <i><b>Желілі рөлді ойын</b></i><br>«Почташы»<br><b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбекті құрметтеуге, ізгілік, инабаттылық, әдептілікке тәрбиелей отырып, ой-өрісін, танымын кеңейту. |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b>                                                                                                             | <b>Алижанға «Тәулік</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | <b>Алтынайға</b>                                                        | <b>Үмітке</b>                                                                                                                          | <b>Інжуге"Сиқырлы "-</b>                                                                                                                                                                 | <b>Көріктіге</b>                                                                                                                                                               |

|                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                        |                                                                                                        |                                                                                                                               |                                                                                                                   |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                          | <b>бөліктері.</b><br>Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атау, бір-бірінен ажырату дағдыларын жаттықтыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | «Тіл туралы ертегі» - артикуляциялық гимнастика<br>Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық аппаратты дамыту. | «Қуыршақтарға моншақтар алыңдар». Мақсат-міндеттері. Үлгі бойынша түс таңдау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b> | <b>ң"әрпі"</b><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "ң" дыбысын дұрыс айтуын қадағалау. Балалар "ң" әрпі бар сөздерді айту қажет. | <b>«Фотоаппарат».</b><br>Мақсат-міндеттері. Ассоциативті ойлауды, ерікті зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту. |
| <b>Серуенге дайындық</b>                                                                                                                 | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп жинауға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br><b>(дербес әрекет)</b>                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                        |                                                                                                        |                                                                                                                               |                                                                                                                   |
| <b>Серуен</b>                                                                                                                            | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                        |                                                                                                        |                                                                                                                               |                                                                                                                   |
| <b>Серуеннен оралу</b>                                                                                                                   | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                        |                                                                                                        |                                                                                                                               |                                                                                                                   |
| <b>Кешкі ас</b>                                                                                                                          | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                        |                                                                                                        |                                                                                                                               |                                                                                                                   |
| <b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | <b>Сюжетті-рөлдік ойын "Шағын дүкен".</b><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы азық-түлік дүкені түсініктерін бекіту, сатушы мен сатып алушы рөліндегі әрекеттерді игеру, мейірімді қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Сатушы балалардың қалауымен тағайындалады. Сатып алушылар қажетті құралдар (себет, қолданылатын қажетті құралдарды, қол арбаны, карточканы, тауарды таңдайды, сатушы тауарды жарнамалайды, бағасын айтады. Тәрбиеші ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b><br>Өнер бұрышында жемістер мен көгөністерді мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. <b>(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</b> |                                                                                                        |                                                                                                        |                                                                                                                               |                                                                                                                   |
| <b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)                                                                                       | Ата-аналарға балабақшаға уақытында келуді ескерту.<br>Ата-аналарға балалардың тазалықтарын қадағалауды ескерту.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                        |                                                                                                        |                                                                                                                               |                                                                                                                   |

Тексерген

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 07.11.2022-11.11.2022ж.

Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

| Күн тәртібінің кезеңдері                    | <i>Дүйсенбі</i><br><i>07.11.2022</i>                                                                                                                                                                                                     | <i>Сейсенбі</i><br><i>08.11.2022</i> | <i>Сәрсенбі</i><br><i>09.11.2022</i> | <i>Бейсенбі</i><br><i>10.11.2022</i> | <i>Жұма</i><br><i>11.11.2022</i> |
|---------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|--------------------------------------|--------------------------------------|----------------------------------|
| <b>Балаларды қабылдау</b>                   | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b> |                                      |                                      |                                      |                                  |
| <b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b> | «Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу.                                                                                      |                                      |                                      |                                      |                                  |

|                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                               |                                                                                                                                                                               |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Үстел үсті ойындары.<br>"Көліктерді топтастыр".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көліктерді бір-бірінен ажыратып, атауларын атай білуді үйрету;<br>Керекті құралдар: көліктер.<br>(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)                                                                                                | Дидактикалық ойын.<br>«Домино».<br>Мақсат-міндеттері.<br>Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту және пысықтау. Сәйкес көлікті табу және дұрыс атау, оның атқаратын қызметімен таныстыру.<br>(танымдық дағдылар) | Дидактикалық ойын.<br>"Көңілді қыстырғыштар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту.<br>(шығармашылық дағдылар, сөйлеуді дамыту) | Дидактикалық ойын.<br>«Көліктер».<br>Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін ажыратуды үйрету.<br>(сөйлеуді дамыту) | Үстел үсті ойыны.<br>«Мозаика».<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға берілген суреттердің бөлігін табу және орналастыруды үйрету. Тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>(танымдық дағдылар) |
| Таңертенгі жаттығу                                                                                                                   | Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшак, дене тік, доп оң қолдарында.<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшак, дене тік, доп оң қолдарында<br>4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында. |                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                               |                                                                                                                                                                               |
| Таңғы ас                                                                                                                             | Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты төкпей-шашпай жеу (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)<br>Дастарқанның басында,<br>Өзіңді жақсы ұста!<br>Дұрыс отыр! Асыңды іш!<br>Денеңе көп күш жина.                                                     |                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                               |                                                                                                                                                                               |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық                                                                                                 | Көлік түрлерімен таныстыру.<br>Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерінің таңбалауыштарын таңдатып, сол бойынша 4 топқа бөліп, әр топпен ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыру.<br>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)                                                                                                   | Жерде жүретін көлік туралы әңгімелесу.<br>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)                                                                                                                                           | Суда жүзетін көлік түрлері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)                                                                                                                      | Әуеде ұшатын көлік түрлері тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)                              | "Көлік түрлері" тақырыбын пысықтау.<br>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)                                                                                                          |

|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес дене шынықтыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | <p><i>Сөйлеуді дамыту</i><br/> <i>“Жол ережелері туралы тақпақтармен танысу”</i><br/> <i>сөйлеудің дыбыстық мәдениеті (ш,ж)</i><br/> <b>Мақсаты:</b>Балаларға оқиғаларды тақпақ шумақтарымен сипаттау кезінде сөздің ұйқасы мен ырғақтылық тәртібімен таныстыру; қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар туралы жалпы түсініктер беру.<br/> <i>Сөздік жұмыс</i> Балалардың сөздік қорына: жүргізуші, жүргінші, жол ережелері, дауыссыз дыбыстар, бағдаршам, жүгірме, шулама, жағаласпа, жүр, тұр, тоқта сөздерін қосу.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b><br/> Педагог жоспары бойынша</p> | <p><b>Музыка</b><br/> Педагог жоспары бойынша<br/> <i>Көркем әдебиет</i><br/> <i>“Кішкентай бағбан”</i><br/> <b>Мақсаты:</b>Балаларды «Кішкентай бағбан» әңгімесімен таныстыру, әңгімеде кездесетін көркем сөздің мағынасын түсіндіру; і мен еске сақтау қабілетін, зейіні мен түйсігін дамыту.<br/> <i>Сөздік жұмыс</i></p> <p>«Жомарт күз», «бағбан», «Бақта көптеген жемістер мен жидектер пісіп жетілді», «Жер-Ана еңбекті ойынға айырбастамай, аянбай еңбек еткендерді өз жомарттығымен сыйлайды» сөздерін пайдалану арқылы балалардың тілін жетілдіру.</p> | <p><b>Сурет салу</b><br/> <i>“Жүк машинасы”</i><br/> <b>Мақсаты:</b><br/> Балаларға қылқалам арқылы тіктөртбұрыш, дөңгелек сияқты геометриялық пішіндерді салу,көліктің бөліктерін тұтас жүк машинасының бейнесіне біріктіру амалдарын көрсету.<br/> <b>Әдіс-тәсілдер</b><br/> Бейнежазбаны көрсету, логикалық жаттығу, салыстыру, көркем сөз, үлгіні зерттеу,сурет салу амалдарын көрсету, нұсқау беру, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, ойын рефлексиясы.<br/> <b>Жапсыру</b><br/> <i>“Ағаштарды қар басты”</i><br/> <b>Мақсаты:</b>Балаларға қоңыр түсті қағаздың үстіне алақандарын бастырып, қайшының көмегімен қиып алып, ағаштың діңі мен ұшар басын көк түсті қағаздың үстіне тең ортасына орналастырып жапсыруды</p> | <p><b>Музыка</b><br/> Педагог жоспары бойынша<br/> <b>Математика негіздері</b><br/> <i>“Қояндар отбасы”</i><br/> <b>Мақсат:</b>Балалардың ұғымындағы бес саны, бестің көлемінде санау туралы білімдерін жетілдіру; екі бөлек заттар топтамаларын жиын сандары бойынша салыстыру амалдарын қайталау.<br/> <i>Сөздік жұмыс</i><br/> Жаттығуды орындағанда балаларға: «қоянның қорегі», «ең ұзын жолақ», «барлығына жеткен жоқ», «бір, екі, үш, төрт, бес», «барлығы бес болады», «ең ұзын», «ұзындау», «ең қысқа», «саны қанша, сонша болады» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b><br/> Педагог жоспары бойынша</p> | <p><b>Қазақ тілі</b><br/> Педагог жоспары бойынша<br/> <i>Қоршаған ортамен танысу</i><br/> <b>“Мыршай”</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Балаларға түлкі туралы түсінік бере отырып, түлкінің сыртқы түрі мен тіршілік қалпы туралы білімдерін кеңейту; түлкінің дене мүшелерін атау дағдыларын жетілдіру.<br/> <b>Сөздік жұмыс</b><br/> "Жабайы табиғат әлемі", "түлкі", "мыршай", "өмір салты", "жыртқыштар", "тон", "апан", "ін", "Жарайсың!", "Тамаша" сөздерін пайдалану.<br/> <b>Дене шынықтыру</b><br/> Педагог жоспары бойынша</p> |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|--------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | үйрету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| <b>Серуенге дайындық</b> | <b>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
